

партия мүшелігіне қабылданады. Бір айдан кейін оқып жатқан бірнеше коммунистермен бірге ауылды кеңестендіру жұмысына жіберіліп, тағы да оқуын тамамдауға мүмкіндігі болмайды.

Осылайша 1920-1922 жылдары ел арасынан астық жинау, партия ячейкаларын құру және тұтынушылар кооперациясын құру науқандарына белсене қатысады. Осы жылдары ұйымдасып көтерілген байлармен қақтығыс кезінде С.Мұқанов аяғына оқ тиіп, екінші рет өлім аузынан қалады. Таптық күрестің Көкшетау облысындағы оперативті өкілі және партияның Ақмола губерниялық комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады.

Қызмет бабымен елге бара жатқан бір жолында Сәбең Есіл тасып, бұзылған көпір мен арқаны үзілген паромның жөнделуін күтпей, бір шалдың қайығына отырады. Ағашы қаңсыған қайыққа су кете бастап, өзеннің ортасына келгенде суға батады. Жүзе білмейтін С.Мұқановты батып кеткен жерінен өтіп бара жатқан қайықтағы үш жігіт құтқарып қалады да, тағы бір ажалдан аман қалады. Бірақ суға кеткен чемоданымен бірге соңғы бес-алты жыл бойы жазып жүрген өлең дәптерінен айырылады. Аласапыран заман оны тез марқайтып, саяси жағынан тез толысады.

1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне (рабфак) барған Сәбит Мұқановтың білімі аздық қылып, «бұл үшін кемінде алты кластық білім керек, оның үстіне орыс тілін де тым шалағай білесін» деп, оқуға түсе алмай қалу қаупі туғанда, А.Асылбековтің ақылымен С.Сейфуллинге жолығады. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып тұрған С.Сейфуллиннің көмегімен оқуға қабылданады. Сол жылдары орысша үйреніп, орыс әдебиетінің поэзиясымен танысып, әдеби білімін ұштайды.

Сәбит Мұқанов осы жұмысшылар факультетіне жібермей жатқан Ғабит Мүсіреповтің әкесімен сөйлесіп, оқуға түсуіне себепкер болады. Сәкен Сейфуллинмен де етене араласуы осы кезеңдерден басталады. Сәкеннің шақыруымен оның үйінің бір бөлмесінде тұрған кездерінде де Ғабитті қалдырмай, қасына алады. Сәкеннің қамқорлығын көп көрген Сәбит одан рухани жағынан да көп сабақ алады, әдебиеттегі ұстазы ретінде құрмет тұтады.

Екінші курсты бітірген соң 1924 жылдың жазында Сәбит ағайындарының кеңесімен Қосшығұл деген байдың Рахима есімді қызына үйленеді. Ағасы: «Талай тамаша домбырашыларды көре жүре, екі ішекті, сегіз пернелі домбыраны мұндай шебер сөйлеткен жанды кездестірген емен. Құдай өзіне жіп-жіңішке, ұп-ұзын ақ сүйріктей саусақтар берген екен. Домбыраны сабамай, екі ішекті оң жақ қолының сұқ саусағымен іліп-шалып қана отырады екен. Сонда неше түрлі тамаша үндер шығарып, маңайында мыңдаған бұлбұл сайрағандай халге түседі екенсің!» (4) деп суреттеп берген әйелінен Сәбең келер жылдың күзінде ұл сүйеді. Өкінішке орай, әйелі көп ұзамай аурудан қайтыс болады да, тәп-тәтті қылықтары шығып өсіп келе жатқан ұлы да қызылша ауруынан көз жұмып, Сәбең қайғы үстіне қайғы

жамап кетеді. Сол қайғының тұңғығына тереңдеп бара жатқан Сәбитке ағайындары басу айта отырып, он алты жасар Қожахметқызы Мәриямға үйлендіреді. Тұла бойы көргенділікке тұнып тұрған, әже тәрбиесінен шыққан ақылды, жас жарының арқасында Сәбеңнің түзде ғана емес, үйде де абыройы асқақ, еңсесі биік болады. Достары сүйініп, дұшпандары күйінерліктей тату тұрған жұбайлар 47 жыл бірге жұптарын жазбай, өнегелі өмір сүреді.

1926-1928 жылдары «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы, ҚазАП-тың жауапты хатшысы болып қызмет атқарады.

Осы кезге дейін атқарған сан салалы қызметінде болсын, шығармашылық өрлеу жолында болсын, ілгерілеудің басты кепілі терең білім екенін, онсыз көздеген мақсатына жету мүмкін еместігін айқын сезінген ол 1928 жылы Ленинград университетінің филология факультетінде оқиды. Бірақ тұрмыстың ауыртпалығынан оны бітіре алмайды.

Облыстық орталық мұрағаттан табылған Петропавл округтік «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Сәбит Мұқановқа 1929 жылдың 17 қарашасында берген мінездемесінде былай жазылған екен: «Сәбит Мұқанов жолдас 1920 жылдан бері партияда, әлеуметтік жағдайы бойынша – батырақ. 1923 жылдан бері әдеби-газет жұмысының басшылығында. Бұл сала бойынша жеткілікті тәжірибесі және оны ұйымдастыратын білгірлігі бар. Қазіргі уақытта «Кеңес ауылы» округтік қазақ газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары болып істейді, жұмысын атқарады және қажетті бастама таныта біледі. Әдеби еңбектері бар. Партияның ағымдағы саясаты мәселелерінде оң-солын біледі. Идеологиялық жағынан тұрлаулы, коммунист ретінде ұстамды және тәртіпті.

Басшы әдеби-газет жұмысында одан әрі пайдаланған жөн» (5).

1930 жылы Голощекиннің талап етуімен Мәскеудегі академик Марр атындағы Тіл білімі институтына өзінің көңілі қаламаған оқуға кетуге мәжбүр болады. Бұл уақытта Арыстан, Марат (1927, 1929 жылғы) есімді екі баласы бар Сәбең отбасы жатақхананың күйсіз жағдайында қызды болып, есімін Жанна қояды.

Досы А.Фадеевтің көмегімен екінші оқу жылынан бастап Мәскеудегі Қызыл профессура институтының әдебиет бөліміне ауысады да, жағдайлары түзеледі. Бірақ қыстыгүні сызды бөлмеде дүниеге келген, қыстыгүні елге барамыз деп салқынлатып алған Жанналары жасына жетпей шетінейді. Қызыл профессура институты сол кездегі ең жоғарғы партиялық мектеп саналатын аспирантура болған. Сәйкесінше шәкіртақысы да жоғары, тұрмысы да тәуір болған Сәбең отбасында 1934 жылы тағы бір қуанышты оқиғаға кенеліп, үшінші ұлы Алтай дүниеге келеді.

Оқуды 1935 жылы бітіріп шыққан С.Мұқанов Алматыға оралып, жаңадан шыға бастаған «Қазақ

әдебиеті» газетінің редакторлығына тағайындалады.

1936-1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарады. 1937 жылдың көктемінде Сәбең отбасы Ботажан есімді ұлды болады. Осы жылдың күзінде «халық жауы Сәкен Сейфуллинмен байланысты» деген айыппен партия қатарынан шығарылады.

«...Әлі есімде... 1937 жыл. Қазанның бесі... Сәбитті партия жиналысына шақырып әкеткен. Сағат кешкі алтыда басталады деп еді. Қараңғылық түсті, түн болды. Сәбит жоқ. Балалар аяқтарының ұшынан басып, әлдебір қорқынышты күтумен болдық. Түнгі сағат төрт шамасында есік қағылды. Ашсам... Сәбит! Аппақ қудай, өң жоқ, түс жоқ. Қалшып тұрған маған қарап: «Жүрегіме басқан жалғыз билетімнен айрылдым. Мен біттім, Мәриям!» деді» (7) деп жазған жазушы жарының естелігіндегі суреттелген бұл жай Сәбең отбасының басына төнген қара бұлтты күндердің бастамасы ғана еді.

Талай қиыншылықтар мен ауыр кезеңдерді бастан кешкен С.Мұқанов мемлекеттік қызметтен де аластатылып, 1937-1941 жылдары еркін шығармашылық жұмыспен айналысады. Осы жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтында дәріс оқиды.

Табиғатынан өте балажан С.Мұқанов төрт ұлдың артынан 1940 және 1945 жылдары екі қыз туылып, қатты қуанады. Үлкеніне Баян деп ат қойып, кішісін Ленинград қаласында шетінеген Жаннасының есімімен атайды. Барлығы жеті бала сүйген Мұқановтардың алты баласы өсіп-өніп, олардан 12 немере, 14 шөбере, 4 шөпшек тарайды.

1943-1951 жылдары ол екінші рет Жазушылар одағының төрағалығына тағайындалады.

1947-1963 жылға дейін Жоғарғы Кеңестің депутаты болады. 1954 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі болып сайланады.

Петропавл қалалық кеңесі атқару комитетінің 1966 жылғы 4 қарашадағы №776 шешімімен «Петропавл қаласының еңбекшілеріне зор еңбек сіңірген, қажырлы еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін» Сәбит Мұқановқа алғашқылардың бірі болып «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағы берілді (5).

1967 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, 1967 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының, 1968 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атағын алып, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту (1950, 1957), екі мәрте «Ленин» (1960, 1970), «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталады. Бірнеше съездерге делегат, басшы органдардың мүшесі болып сайланады.

Сәбит Мұқанов көзі тірісінде тойлаған соңғы мерейтойын кең көлемде атап, халқының ыстық ықыласына бөленіп, аса бір разылықпен өткізіпті. Бұл туралы Мәриям апай: «Халықтың санында есеп болмады. Жиған-тергеніміздің бәрін шаштық. Ағыл-тегіл болдық... Жетпіске келген де бар, келмеген де бар. Қайран шалым дүниеден өтерін білгендей, көп ұзамасын сезгендей, ерекше көңіл күймен жас жігітше жайраң қағып жүріп еді. «Мәке, аянбалық»

деп, өзі де күліп, жұртты да күлдіре сөйлеп, тым көңілді жүрді. Сол жолы Сәбиттің тойы бүкіл елдің, халықтың тойы болып еді» (7.95) деп еске алады. Осы тұста Сәбең өмірінен орын алған айта кетерлік жай – Сәбеңнің көзін көрген зиялы ағалар мен жарының да айтуынша – жазушының жетпіс жылдық мерейтойында қалың жұрт та, тіпті, өзі де «Социалистік еңбек ері» атағы беріледі деп күтсе керек. Бірақ, өзінің негізін қаласқан ұлдарының ішіндегі біріне емес, бірегейіне үкіметтің аталмыш атакты «қимауы», екінші мәрте «Ленин» орденімен марапаттаумен шектелуі – жазушының көңіліне аз қаяу салмапты.

Өмірінің соңына қарай жүрегі сыр беріп жүрген жазушы 1973 жылы 18 сәуірде Алматы қаласының ауруханасында көз жұмады. Жазушы жарының естелігінен мәлім болған жай – денсаулығының төмендігіне қарамай, жедел жәрдем дәрігерлері алып кеткісі келгенде Сәбеңнің зембілге жатуға көнбей қоюы. Дәрігерлер амалсыздан көшеде ел аяғы басылып, ымырт түскен шақта келіп алып кетуге мәжбүр болыпты. Жаны қыл үстінде тұрса да, аласармай кеткен арысымыздың халық санасындағы бейнесі осы әрекетімен бұрынғысынан да биіктей түсері сөзсіз! Сүйікті жазушыларын соңғы сапарға қабырғалары қайыса қимастық сезіммен егіліп шығарып салған халқы Сәбеңнің денесін Алматы қаласының сыртындағы «Кеңсай» зиратына ақ жуып, арулап көмеді. Тағы да жазушы жарының естелігіне үңілейік: «Жерлеуіне келген халықтың санында есеп болмады. Лек-лек болып ағылды да жатты. Қадірін бүкіл халық білгізді... Басыма іс түскен сол бір қиын кезеңде Дінмұхамет Қонаевқа риза болдым. Өзі бас болып, үкімет басшылары барлық құрамымен келді. Көңіл айтып, Сәбитті ақтық сапарға шығарып салды. Жерлеуі, жетісі, қыркы, жылы сияқты рәсімдердің бәріне де үлкен көмек берді» (7.97).

С.Мұқановтың өмірінің соңғы жеті жылын өткізген М.Төлебаев көшесіндегі 125-үй бұл күнде қаламгердің мемориалдық мұражай кешеніне айналған (1975).

Петропавл қаласындағы №32 орта мектепке, облыстық кітапханаға, Жамбыл ауданындағы «Майбалық» кеңшарына Сәбит Мұқановтың есімін беру жөніндегі еңбекшілер депутаттары, Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитетінің ұсынысы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1973 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен бекітілді. Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитетінің 1973 жылғы 7 маусымдағы №187 шешімімен Петропавл қаласындағы «Қарағанды», Жамбыл ауданының Благовещенка селосындағы «Береговой» көшелерінің атаулары Сәбит Мұқанов көшесі деп өзгертілді. Кейінірек облыстық кітапхананың алдына жазушының мүсіні орнатылды (5).

Алғашқы кітабы «Совет өкіметі және қазақ әйелі» (өлеңдер, мақалалар, аудармалар) 1924 жылы жарық көрген. Оның «Альбом» (1924), «Балбөпе» (1926), «Октябрь өткелдері» (1927), «Сұлушаш» (1928, 1959, 2002), «Ақ аю» (1935), «Жұмаштың өлімі» (1988) поэмалары жарық көрген. «Әсия»

(1925), «Азғын» (1927), «Кер заман» (1928), «Алтын аймақ» (1934), «Тіл алушылар» (1942) сияқты әңгімелері мен «Ақбөпенің зары» (1927), «Достар» (1937), «Балуан Шолақ» (1941, 1994, 1999), «Бақташының баласы» (1953) т.б. повестерін жазған. Романдарынан: «Адасқандар» (1931, 1999, 2003, 2009) кейіннен өңделіп, «Мөлдір махаббат» (1959) деген атпен қайта басылған. «Сын бая» (1935), «Светлая любовь» (1962, 1964, т.б.) деген аттармен орыс тілінде бірнеше рет жарияланған. «Теміртас» (1935), «Есіл» (1937), «Жұмбақ жалау» (1938), «Сырдария» (1947) романдары, «Өмір мектебі» трилогиясы (1930-1964) жарық көрген. «Жұмбақ жалау» кейін қайта өңделіп, «Ботагөз» (1989) деген атпен басылған. Осы атпен орыс және басқа да шетел тілдеріне аударылып, кең тарады. «Шоқан Уәлиханов» (1953) трагедиясын, «Тыңдағы толқындар» романын, «Қашқар қызы» (1958) драмасын, «Аққан жұлдыз» романын жазды. Бірінші кітабы (1967) Шоқанның туғанынан бастап, Омбыдағы кадет корпусында оқыған жылдарын, екінші кітабы (1970) оқу бітірген жас офицердің Омбының генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып жүрген кездерін суреттеуге арналған. Соңғы кітаптары жазылып үлгермеген «Аққан жұлдыз» романы қазақ прозасында, оның ішінде тарихи тақырыптағы шығармалар қатарында өзіндік орны бар іргелі туындылардың бірі. Драматургия саласындағы еңбектері «Ақан мен Зайра» (1936, М.Әуезовпен бірге), «Партбилет» (1938), «Алтын астық» (1940), «Шоқан Уәлиханов» (1964) сияқты пьесалары театр сахналарында қойылған. С.Мұқанов қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымы саласында да айтарлықтай еңбек сіңірген. Қазақ халқының ауыз әдебиетін, әдебиетінің тарихын зерттеп, көлемді еңбектер жазды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932, 2008), «XVIII – XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы очерктері» (1941, 2002), «Өсу жолдарымыз» (1960), «Жарқын жұлдыздар» (1964), «Халық мұрасы» (1974,

2002); «Қазақ қауымы» (1995), «Жарық жұлдыз» (Абай Құнанбаев туралы монография мен ғылыми мақалалар) (1995) зерттеу еңбектері жарық көрген. Публицистикалық мақалалардан, очерктерден тұратын «Саяхаттар» (1954), «Туған жердің тыңында» (1955), «Тыңда тұнған байлық» (1957), «Алыптың адымдары» (1959), «Адам атаның шоқысында» (1959), «Замандас туралы аңыз» (1961) кітаптарын шығарған.

Шығармалар жинақтары жарық көрді: Тұлпар. М., 1934; Толық шығармалар жинағы. 1-2 т. А., 1936; Таңдамалы шығармалары. 1-6 т. А., 1955-1958; Толық таңдамалы шығармалары. 1-16 т. А., 1972-1980; Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өмір мектебі. Роман. Бірінші кітап. А., 2002; Көп томдық шығармалар жинағы: 2-том. Өмір мектебі. Роман. Екінші кітап. А., 2003.

Ғалым Р.Нұрғали: «Жазушы шығармаларынан тұтас кітапхана жасауға болар еді. Кей жазушылар тез жазып, тез таусылады. Сәбит таланты – құнарлы да бай талант. Оқырман оның ұзақ қаламгерлік жолының сәтті кезеңдерінің бәріне куә. Оның талантын дарқан дала табиғатымен салыстыруға болады. Сәбит – тынысы, өрісі кең қаламгер» (1.487) деп жазғандай, оның тұтас кітапханадан тұратын шығармашылық өмірбаяны – өз алдына жеке дүние.

1. Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» Астана: Күлтегін, 2002. 489 б.

2. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970. 10-том, 153 б.

3. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970. 9-том, 15 б.

4. С.Мұқанов «Өмір мектебі» Алматы: Жазушы, 1970. 11-том, 29 б.

5. К.Ахметова, облыстық мұрағаттың археографы. Құжаттар сыр шертеді // Солтүстік Қазақстан. 21 сәуір, 2000 жыл.

7. Мұқанова М. Сағынышым Сәбитім. Алматы: Өлке, 2000ж. 41 б.

\*\*\*

В статье автор старается дать более полное описание биографии С.Муканова на основе его мемуарного произведения «Школа жизни» и воспоминаний супруги писателя.

*Н. Т. Какишева*

### **ЖАНРОВАЯ СПЕЦИФИКА КНИГИ Д.Ф.СНЕГИНА «СТРАННЫЕ СБЛИЖЕНИЯ, ИЛИ ВОКРУГ МИХАЙЛОВСКОГО»**

Одно из последних произведений, написанных в неожиданно новой, не характерной для прежнего Дмитрия Федоровича Снегина манере, - «Странные сближения, или Вокруг Михайловского». Оно появилось в печати в ноябре 1999 года в издательстве «Жибек Жолы» обидно малым тиражом (500 экземпляров). Сам Д.Ф.Снегин назвал «Странные сближения...» новеллой, хотя в строго научном понимании его текст не совсем отвечает требованиям этого жанра. Новелле как повествовательному

прозаическому жанру характерны краткость, острый, даже парадоксальный даже парадоксальный сюжет, нейтральный стиль изложения, отсутствие психологизма, неожиданная развязка. Действие новеллы происходит в современном автору мире. Фабульная конструкция новеллы схожа с драматической, но обычно проще. Гёте называл новеллу «свершившимся неслыханным событием» [1, 215]. В новелле обычно большое значение придается развязке, которая содержит неожиданный поворот (пуант,

"соколиный поворот"). Скорее всего, именно потому что Снегин пытается понять смысл «странных сближений» «неслыханных происшествий», исторически сближающих Поэта, Народ (точнее — Народы) и самого Автора, он обозначил жанр своей последней исповедальной книги как новеллу.

Известный казахстанский литературовед, писатель Константин Кешин (Эдуард Джилкибаев) в своих заметках о «Странных сближениях...» назвал жанр снегинской книги «мемуарно-эстетической новеллой» [2]. Бахытжан Канапьянов, благодаря которому увидела свет эта маленькая книжечка, сказал, что она «...многих томов тяжелой». К сожалению, сам Д.Ф.Снегин все же никому не раскрыл смысл, вложенный им в подзаголовок. Немногие исследователи и журналисты (Б.Канапьянов, Л.Маннанникова, Е.Брусиловская) также обходят молчанием этот вопрос, акцентируя внимание лишь на мотиве странных сближений, сыгравших важную роль в тот или иной момент жизни писателя. Его сын, известный казахстанский кардиохирург Дмитрий Дмитриевич Поцелуев вспоминает, что в их доме «все было пронизано памятью о Пушкине», «и всегда (Снегин) мечтал написать книгу о Пушкине» [3]. Снегин в основу своей новеллы положил события, происходившие в годы Великой Отечественной на территории, в зоне которой находилось Пушкиногорье. Он, бывший начальником штаба артиллерии Панфиловской дивизии, освобождал Михайловское, стараясь не применять никакого тяжелого оружия, чтобы сохранить исторические памятники.

Книга имеет необычную архитектуру. Оформители с благословения самого писателя на форзаце изобразили треугольник, вершинами которого являются три стихотворения Снегина. А завершает эту миниатюрную книгу следующее примечательное обращение писателя к читателю:

Друг-читатель! Предложенная твоему вниманию новелла «Вокруг Михайловского» обрамлена тремя моими стихотворениями:

1. Искусство С л у ш а т ь постигал я долго...
2. Я поднимусь по Занебесью...
3. Как встарь, увязался за мной...

В этом треугольнике, мнится мне, и возникли странные сближения...можно сказать, будто в Бермудском треугольнике.

Дм.Снегин  
Май-июнь, 1999.  
Верный - Алма-Ата  
[4].

Такая необычная для новеллы архитектура произведения требует более внимательного, «филологического» прочтения этого последнего поэтического завещания казахстанского писателя.

Собственно художественный текст начинается со стихотворения «Искусство С л у ш а т ь постигал я долго...». Неслучайно в нем графически выделены слова-образы Слушать, Молчать, Стать, Волк, Волчица. Снегин использует прием «превращения ключевого слова в пучок ассоциаций» (бадииков, ). С высоты прожитых им лет и накопленного

эстетического опыта он выделяет самое важное для него в этом мире: «искусство С л у ш а т ь» и «ремесло М о л ч а т ь», которые он постигал всю жизнь. Следующая за этим поэтическим признанием часть названа также необычно «Вместо присказки». Присказка, как мы знаем, обычно предшествует зачину в сказках и ее цель – заинтересовать слушателя, увлечь за собой, поразить его воображение. Как элемент композиции, она слабо связана с сюжетом. Но здесь важно обратить внимание и на следующее: снегинская формула «вместо присказки» позволяет нам воспринимать происходящее в тексте как нечто сказочное, не-реальное, имеющее место в реальной действительности.

Первая часть снегинского вступления требует активного участия самого читателя, названного писателем «давним и верным спутником», в установлении истинности формулы «странные сближения». При этом для Снегина важно, что «сие определение принадлежит Гению» [4, 5]. Мы понимаем, что речь идет об Александре Сергеевиче Пушкине, поэту и читателю. И сам писатель должны воспринимать это как данность: «Значит, тому и быть» [4, 5].

Ведущая тема новеллы изначально определена Снегиным как «о псковской деревне матери Поэта», в освобождении которой от фашистов писатель «принимал участие лично», в унисон ей выступает другая, личная для писателя тема – «парадоксальные сближения» Снегина с Пушкиным: «... дай Бог, приблизиться к странным сближениям, влекущим меня в Михайловское». Снегин повествует о Святогорье, Пушкинских местах: Сороть – Великая – Михайловское – Тригорское.

С точки зрения композиции важно то обстоятельство, что Снегин как рефрен повторяет мысль о странностях нашей жизни, когда, на первый взгляд, случайно происходят какие-то встречи или события. Но, как потом оказывается, это вовсе не случайность, а скорее предопределенность («судьбой предначертано»). «Всегда ли странны подобного рода сближения (сопоставления... сличения)? – спрашивает себя Снегин. - Впрочем, я суверен, и непредсказуемая, но целенаправленная энергия вселенского Хаоса влияет на меня, как возмущение магнитных бурь» [4,11].

Лейтмотив «странные сближения» в новелле получает различные вариации, главная из которых мотив соприкосновения Снегина с Пушкиным: он, как и Аполлон Григорьев, верует в то, что «Пушкин — это наше все». Снегин вспоминает слова Жуковского о Пушкине: «это надежда нашей словесности» [4,12] и переносит повествование в другую временную плоскость: «Я часто перечитываю это святое пророчество и всякий раз с т р а н н ы е с б л и ж е н и я п л а в н о и л а с к о в о п е р о с я т м е н я в с ч а с т л и в о е , н е в о з в р а т н о е д е т с т в о » [4, 12]. Мотив присутствия в снегинском детстве Пушкина получает неожиданную развязку: Снегин рассказывает о том, что у его деда по матери на противоположной от иконостаса стене висели портреты Карамзина, Жуковского и Багратиона в изящных золоченых рамках 1817 года,